



МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ

Жұмысы бойынша құжаттар

2025-2026 оқу жылы

АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПШІЛІК ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕР ПАРЛАМЕНТИНІҢ (МжСП) ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мектепшілік және студенттік парламент (бұдан әрі – МжСП) – білім беру ұйымын басқаруға қатысу құқығын іс жүзінде жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мектеп оқушылары мен студенттер ұжымының өзін-өзі ұйымдастыру механизмі.

МжСП әлеуметтік мәні белсенді азаматтық ұстанымы бар, «ересек өмірге» дайын, әлеуметтік тәжірибесі мен санасы жоғары дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Мектепшілік және студенттік парламент – оқушылар мен студенттердің мүдделерін көрсететін, мәселелер тобын шешу үшін білім беру ұйымының оқушылары сайлайтын оқушылар мен студенттердің өзін-өзі басқаруының тұрақты өкілді қауымдастықтар органы.

МжСП-ті құру мақсаты- оқушыларды, студенттерді білім беру ұйымын басқаруға тарту; оқушылардың пікірін ескеру; өз бетінше шешім қабылдау және оларды оқушылар мен студенттердің мүдделеріне сай жүзеге асыру .

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ БАСЫМДЫҚ ҚАҒИДАЛАРЫ

Өзін-өзі басқаруды ұйымдастыру және МжСП бағдарламасын іске асыру кезінде келесі басымдық қағидаттарға сүйену ұсынылады:

- **гуманизм қағидасы** МжСП органдары өз жұмысын адамның қадір-қасиеті мен жеке тұлғаның мүдделерін құрметтеу негізінде құрады.
- **демократиялық қағидасы** МжСП ұйымдарының қызметі мәселелерді ұжымдық, еркін талқылау мен шешуге, алқалылыққа негізделген.
- **заңдылық қағидасы** өзін-өзі басқару ұйымдарының Қазақстан Республикасы Конституциясының және басқа да мемлекеттік құқықтық актілерінің, оқу орнының жарғысының және оның жергілікті нормативтік құжаттарының ережелерін бұлжытпай орындау қажеттілігі;
- **теңдік қағидасы** барлық МжСП қатысушылары білім беру өмірінің субъектілері ретінде тең құқықтарға, өз ұжымында немесе бірлестікте шешім қабылдау кезінде шешуші дауысқа ие болу құқығы болуы керек;
- **сайлау қағидасы** өкілетті сайлау нәтижесінде өзін-өзі басқару ұйымдары тиісті өкілеттіктерге ие болады;
- **жаңару және үздіксіздік қағидасы** бұл қағидат білім беру мекемесінің нормативтік құжаттарында айқындалған өзін-өзі басқару органдарының және олардың басшыларының құрамын кезеңді түрде жаңартып отыруды талап етеді. Бұл ретте белгілі бір өзін-өзі басқару органының бұрынғы және кейінгі құрамы арасындағы жұмыстың үздіксіздігі қамтамасыз етілуге тиіс;
- **ашықтық және айқындық қағидасы** өзін-өзі басқару органдарының барлық жұмысы ұжымның (бірлестіктің) әрбір мүшесі үшін ашық болуы және олардың әрқайсысының жедел және сенімді ақпарат алуын қамтамасыз ету;

- **мақсаттылық қағидасы** өзін-өзі басқару органының қызметі балалардың, олардың ата-аналары мен мұғалімдерінің қажеттіліктері мен мүдделерін іске асыруға бағытталуы тиіс;
- **бірігу қағидасы** студенттердің өзін-өзі басқару органы – білім беру өмірінің сапасын арттыру мәселелерін бірлесіп шешу мақсатында студенттердің ерікті бірлестігі. Бірлестік қаланың білім беру өмірін басқаруға қатысуға және өзін-өзі жүзеге асыру мен дамыту үшін дененің мүмкіндіктерін пайдалануға құқық береді.
- **функционалдық өзін-өзі анықтау қағидасы** студенттік өзін-өзі басқару органының қызметіне оның тұрақты мүшелері ғана қатыса алмайды. Оқушылардың, студенттердің өзін-өзі басқару органының қызметіне қатысушылар өздерінің қатысу дәрежесін ерікті түрде анықтайды.
- **жүйенің өзара әрекеттесу қағидасы** оқушылардың студенттердің өзін-өзі басқару құрылымдары, олардың жүйелі ұйымдастырылу деңгейіне қарамастан, барынша шоғырландыру және өзара әрекеттесу арқылы барынша тиімді жұмыс істейді.
- **өкілдік қағидасы** басқару органдарына сайланған МжСП мүшелері өздерінің міндеттері орындай отырып, студенттердің атынан және олардың мүдделері үшін әрекет етеді.
- **өзін-өзі басқару қағидасы** оқушылардың, студенттердің өзін-өзі басқару органы білім алушылардың өміріндегі негізгі мәселелерді оқу орындарының әкімшілігі бірлесіп қабылдайды., білім беру мәселелері бойынша шешімдерді қоспағанда, оның жұмыс істеу тәртібін дербес анықтайды.

ФРАКЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНІҢ МАЗМҰНЫ

«АЗАМАТТЫҚ» ФРАКЦИЯСЫ

1. Өлкетану, әскери-патриоттық іс-шаралар, волонтерлік, құқықтық тәртіппен айналысатын ұйымдар мен қозғалыстарды құру
2. «Полицияның жас досы», «Төтенше жағдай», «Жас Ұлан», «Жас Сарбаз» және т.б. қозғалыстарының қызметін қолдау, жалғастыру
3. Экологиялық волонтерлік және табиғатты қорғау қызметін қалыптастыру бойынша лекциялар, қызықты адамдармен интерактивті кездесулер, шеберлік сабақтарын өткізу.
4. Мінез-құлық және толеранттылық мәдениетін дамыту бойынша мамандандырылған іс-шараларды, салауатты өмір салтын насихаттау бойынша профилактикалық іс-шараларды өткізу, спорт секцияларының жұмысын қолдау.
5. Іздеу және өлкетану экспедицияларын ұйымдастыру

«БІЛІМПАЗ» ФРАКЦИЯСЫ

1. Болашақ мамандығын анықтауға бағытталған білім беру іс-шаралары мен бағдарламаларын өткізу: интерактивті ойындар, семинарлар, шеберлік сабақтары, ашық дәрістер, қызықты адамдармен кездесулер.
2. Ғылыми және өнертапқыштық қызметті танымал ету
3. Балалар жобаларын қолдау және дамыту;
4. Мамандандырылған іс-шараларды ұйымдастыру: фестивальдер, байқаулар, олимпиадалар, акциялар, флешмобтар.

«МӘДЕНИЕТ» ФРАКЦИЯСЫ

1. Шығармашылық іс-шараларды ұйымдастыру: фестивальдар мен байқаулар, акциялар мен флешмобтар
2. Балалардың шығармашылық жобаларын қолдау және балалар ұжымдарын ілгерілету
3. Мәдени-ағарту бағдарламаларын жүзеге асыру: интерактивті ойындар, семинарлар, шеберлік сабақтары, ашық дәрістер, қызықты адамдармен кездесулер; кино клубтарын ұйымдастыру;
4. Мәдени-демалыс бағдарламаларын өткізу – мұражайларға, театрларға, концерттерге бару; экскурсиялар ұйымдастыру;

«АҚПАРАТ МЕДИА» ФРАКЦИЯСЫ

1. Мектеп медиа орталықтары, веб-сайт, әлеуметтік желілер арқылы МжСП қызметін ақпараттық қолдау.
2. Жас журналистерді оқыту және тәжірибеден өткізу, мектеп сайты арқылы ақпараттық материалдар жасау және тарату
3. Медиа жобаларды жүзеге асыру (электрондық газет, радио және т.б.)
4. Ақпараттық стендтерді безендіру, жарнамалық және имидждік өнімдерді әзірлеу.

«ЭКО ҚОҒАМ» ФРАКЦИЯСЫ

1. Қоршаған ортаны, табиғи ресурстарды қорғау, экологиялық сенбіліктерді ұйымдастыру.
- 2 «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы аясында сенбіліктерді өткізу, ұйымдастыру.
3. «Қар десанты» еріктілер эстафетасын өткізу, мектеп ауласын қардан тазарту жұмыстарын жүргізу, экологияға байланысты байқаулар, вебинарларға қатысу.
4. «Жасыл мекен», «Таза қала бізден басталады» секілді челлендж акцияларды ұйымдастыру, ағаш отырғызу, тал егу, гүлдерді суару, көгалдандыру жұмыстарын жасау.

«САЛАУАТ» ФРАКЦИЯСЫ

1. Салауатты өмір салтын сақтау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру: түрлі ойындар, байқаулар, акциялар, челленджер.
2. «Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз», «Қауіпсіздік бұрышы» стендтерін безендіру.
3. «Вейпсіз жастар» республикалық байқауы, «Мектепшілік рекордтан олимпиада шыңына дейін» спорттық эстафетасы, «Жаны саудың тәні сау» интерактивті ойындар т.б ұйымдастыру.
4. Денсаулық сақтау саласы өкілдерінің қатысуымен тренингтер мен семинарлар өткізу.



Мектеп Парламенті құрамы

Фото	Фракция	Аты-жөні ФИО	Телефон нөмірі Номер телефона
	Мектеп Парламентінің жетекшісі Мектеп тәлімгері (вожатый)	Қорғанбаева Назерке Кеңесқызы	+7 775 983 2600
	Мектеп Президенті	Агабеков Абдурахим 9 «Б» сынып	+7 777 365 5640
	Вице Президент	Ислям Сұлтан 9 «А» сынып	+ 7 708 277 3705
	«Азаматтық» фракциясы	Асылхан Нұрдәулет 10 «Б» сынып	+7 700 734 4688

 <p>Нұрболатқызы Әсемнұр «Білімпаз» фракциясы</p>	<p>«Білімпаз» фракциясы</p>	<p>Нұрболатқызы Әсемнұр 11 «А» сынып</p>	<p>+7 775 537 4544</p>
 <p>Әділжанова Анаеля «Мәдениет» фракциясы</p>	<p>«Мәдениет» фракциясы</p>	<p>Әділжанова Анеля 10 «Б» сынып</p>	<p>+7 708 742 8344</p>
 <p>Жасболатқызы Айсұлу «Ақпарат медиа» фракциясы</p>	<p>«Ақпарат медиа» фракциясы</p>	<p>Жасболатқызы Айсұлу 9 «В»</p>	<p>+7 702 534 1903</p>
 <p>Санаева Зера «Ақпарат медиа» фракциясы</p>	<p>«Ақпарат медиа» фракциясы</p>	<p>Санаева Зера 11 «А» сынып</p>	<p>+7 778 292 4214</p>
 <p>Кәрібай Ақтілек «Мәдениет» фракциясы</p>	<p>«Мәдениет» фракциясы</p>	<p>Кәрібай Ақтілек 11 «Ә» сынып</p>	<p>+7 778 223 1401</p>

 <p>Қалдан Нұрәділ «Эко қоғам» фракциясы</p>	<p>«Эко қоғам» фракциясы</p>	<p>Қалдан Нұрәділ 9 «Б» сынып</p>	<p>+ 7 778 151 9634</p>
 <p>Алимханов Баян «Салауат» фракциясы</p>	<p>«Салауат» фракциясы</p>	<p>Алимханов Баян 9 «Б» сынып</p>	<p>+7 702 267 6618</p>
 <p>Орынбек Мирас «Салауат» фракциясы</p>	<p>«Салауат» фракциясы</p>	<p>Орынбек Мирас 10 «Б» сынып</p>	<p>+7 778 142 5180</p>
 <p>Түгелберген Шұғыла «Білімпаз» фракциясы</p>	<p>«Білімпаз» фракциясы</p>	<p>Түгелберген Шұғыла 10 «А» сынып</p>	<p>+7 705 872 5609</p>

 <p>Агзамхан Нұрайым «Білімпаз» фракциясы</p>	<p>«Білімпаз» фракциясы</p>	<p>Агзамхан Нұрайым 9 «Б» сынып</p>	<p>+7 778 857 4664</p>
 <p>Айқымбаева Медина «Мәдениет» фракциясы</p>	<p>«Мәдениет» фракциясы</p>	<p>Айқымбаева Медина 10 «Б» сынып</p>	<p>+7 701 839 3868</p>
 <p>Турланов Алдияр «Салауат» фракциясы</p>	<p>«Салауат» фракциясы</p>	<p>Турланов Алдияр 10 «Б» сынып</p>	<p>+7 778 608 4497</p>

Оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысының жағдайы

Мақсаты: өскелең ұрпақтың бойында патриоттық білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Анықтама

Тақырыбы: Мектеп Президентін сайлау

Өткізілген күні: 17.10.2025 ж

Оқушылардың азаматтық белсенділігін арттыру, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және өзін-өзі басқару жүйесін нығайту мақсатында мектебімізде Мектеп Президентін сайлау өткізілді.

Сайлау үдерісі ашық әрі әділ түрде ұйымдастырылып, әрбір оқушының дауысы ескерілді. Оқушылар белсенді қатысып, өз таңдауларын жасап, мектеп өмірінің болашағына үлес қосты.



Сайлау қорытындысы бойынша ең көп дауыс жинаған 9 «Б» сынып оқушысы Агабеков Абдурахим Бауыржанұлы Мектеп Президенті болып сайланды.

Қорытынды:

Аталған сайлау оқушылардың демократиялық мәдениетін қалыптастыруға, жауапкершілік пен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға ықпал етті. Барлық қатысушыларға белсенділіктері мен әділ сайысқа түскендері үшін алғыс білдірілді.

Сізде тек бір дауыс бар.

199 шәкірт



https://www.instagram.com/reel/DP50oubCIFw/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/DP8LJz9Cj7W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Анықтама

Тақырыбы: Мектеп Президентін ұлықтау рәсімі

Өткізілген күні: 23.10.2025 ж

2025 жылдың 23 қазанында сағат 15.00-де Махамбет Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында Астана қаласының білім беру ұйымдарының мектепшілік және студенттік парламенттерінің президенттерін ұлықтау рәсімі өтті. Іс-шара Қазақстан Республикасының Республика күніне орай «Іс бастайтын уақыт» ұранымен ұйымдастырылады. 2025 жылдың 25 қыркүйегі мен 16 қазаны аралығында өткен мектеп және студенттік парламенттердің сайлау науқанының қорытынды кезеңі болып табылады.

Сайлауға елордамыздың барлық аудандарынан 1400-ден астам үміткер қатысты. 17 қазанда өткен дауыс беру нәтижесінде Астана қаласының 74 белсенді, бастамашыл және жауапты жастары өз білім ордаларының президенті атағына лайық деп танылды. Салтанатты рәсім барысында жаңадан сайланған президенттер өз ұйымдарының абыройын қорғауға, замандастарына үлгі болуға, азаматтық белсенділік танытуға және Отанын сүйуге ант береді. Бұл ұлықтау рәсімі барлық қатысушылар мен қонақтар үшін қуанышты әрі мағыналы оқиға, болашаққа деген сенімнің және астаналық жастардың қоғам өміріне белсенді араласуға дайын екендігінің нышаны болмақ. Іс-шара «Адал азамат» бағдарламасы аясында өтеді. Бағдарламаның мақсаты – өскелең ұрпақтың азаматтық құзыреттілігін, бастамашылдығын және патриоттық рухын қалыптастыру.



https://www.instagram.com/reel/DQLY8s2DMZn/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQLa2DLCojC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Анықтама

Тақырыбы: «Harvest Festival» атты күзгі балл

Өткізілген күні: 12-13.11.2025 ж

Harvest Festival – шығармашылық пен шабыт мерекесі! 12,13 қараша 2025 жылы мектебімізде 5–10 сыныптарға арналған «Harvest Festival» атты күзгі балл өтті. Шараға мектеп парламенті белсене атсалысты. Жасөспірімдер өз талантарын жан-жақты көрсетіп, стильдік образдар ұсынды және күрделірек композициялық күзгі пейзаждар салды. Өнер бөлімі – ән, би, театрландырылған көріністер, авторлық өлеңдер мен музыкалық нөмірлер жоғары деңгейде орындалып, нағыз шығармашылық кеш сыйлады. Fashion Model – оқушылар қолдан жасаған, идеясы терең, заманауи элементтермен үйлескен күзгі стильдегі образдарымен ерекше көзге түсті. Күзгі пейзаж байқауында 8–10 сынып оқушылары күрделі техникалар мен композицияларды қолданып, фойеде керемет көрме жасақтады. Бұл мереке – жоғары сынып оқушыларына өз өнерін дамытуға, шығармашылық ойлауын кеңейтуге және командалық жұмыс дағдыларын арттыруға үлкен мүмкіндік болды.



https://www.instagram.com/reel/DQ_KOBOCh3W/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/DQ_X4dbitbz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Анықтама

Тақырыбы: “Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы” аясында оқушылардан сұрақ–жауап алу

Өткізілген күні: 15.11.2025 ж

“Қараша – Әділдік және жауапкершілік айы” аясында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, әділдік пен жауапкершілік құндылықтарын бойына сіңіру мақсатында сұрақ–жауап жұмысы ұйымдастырылды.

Сұрақ–жауап барысында оқушыларға әділдік, адалдық, жауапкершілік, құқық пен міндет ұғымдарына қатысты сұрақтар қойылды. Оқушылар белсенділік танытып, өз ойларын еркін жеткізе білді. Көпшілік оқушы әділ болудың қоғамдағы маңызына тоқталып, жеке жауапкершіліктің адам өміріндегі рөлін түсінетіндерін көрсетті.

Сұрақ–жауап алу барысында оқушылар күнделікті өмірде әділ шешім қабылдау, тәртіп сақтау, өз әрекеттеріне жауап беру туралы нақты мысалдар келтірді. Сұрақ–жауап жұмысы оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, адамгершілік құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті.



https://www.instagram.com/reel/DREcwdAigc-/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Анықтама

Тақырыбы: «Сенің идеяң – біздің күшіміз!»

Өткізілген күні: 14.11.2025 ж

Оқушылардың белсенділігін арттыру, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту және мектеп өмірін жақсартуға бағытталған тың бастамаларды қолдау мақсатында мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Сенің идеяң – біздің күшіміз!» атты акция өткізілді.

Аталған акция аясында мектеп фойесіне арнайы «Идея жәшігі» орналастырылды. Оқушылар мектептегі оқу-тәрбие үдерісін жетілдіруге, мәдени-көпшілік іс-шараларды дамытуға, мектеп ортасын жақсартуға арналған өз ұсыныс, креативті идеялары мен қызықты бастамаларын жазбаша түрде жәшікке салды.

Акция барысында оқушылар жоғары белсенділік танытып, мектеп өміріне бейжай қарамайтындықтарын көрсетті. Ұсынылған идеялар мектеп парламенті отырысында қарастырылып, іске асыруға лайықты ұсыныстар алдағы уақытта жоспарға енгізілетін болады.



https://www.instagram.com/reel/DRBs3LrigwS/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Анықтама

Тақырыбы: «Сөз шебері» қалалық жүргізушілер байқауы

Өткізілген күні: 18.11.2025 ж

2025 жылғы 18 қараша күні өткен қалалық «СӨЗ ШЕБЕРІ – 2025» байқауында мектебіміздің 10-сынып оқушысы, парламент мүшесі Жасболатқызы Айсұлу жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Айсұлу байқаудың іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, финалдық кезеңде өз дарынын толық көрсете білді. Ол сахнада сенімді дауысымен, еркін импровизациясымен, креативті ойлауымен және жүргізушілік қабілетімен көрермендер мен қазылар алқасының ерекше ықыласына ие болды.

Байқау қорытындысы бойынша Жасболатқызы Айсұлу «Креативті жүргізуші» номинациясының жеңімпазы атанды.

Аталған жетістік оқушының шығармашылық қабілетінің жоғары деңгейде дамығанын көрсетеді және мектептің мәдени-шығармашылық бағыттағы жұмысының нәтижелі екенін дәлелдейді.



https://www.instagram.com/reel/DRQ-4wcipq5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Анықтама

Тақырыбы: Кітап оқу бойынша турнир

Өткізілген күні: 02.12.2025 ж

Оқушылардың оқу мәдениетін арттыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту және кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Білім көшбасшысы» атты мектепшілік кітап оқу турнирі өткізілді.

Турнир барысында оқушылар өздерінің білім деңгейін, жылдам ойлау қабілетін және оқыған шығармаларын талдау дағдыларын көрсетіп, әділ әрі белсенді бәсекеге түсті. Сайыс кезеңдері мазмұнды әрі қызықты форматта ұйымдастырылып, әр сыныптың жоғары белсенділігі мен кең қамтылуы байқалды.

Аталған шара оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, оқырман мәдениетін қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, турнир оқушылардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, зияткерлік әлеуетін дамытуға мүмкіндік берді.

«Білім көшбасшысы» кітап оқу турнирі өз мақсатына жетіп, оқушылардың рухани дамуына және ой көкжиегінің кеңеюіне зор үлес қосты. Аталған жоба оқырман ұрпақ қалыптастыру жолындағы маңызды әрі құнды бастама болып табылады.



https://www.instagram.com/reel/DRw5QI8iuCh/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Анықтама

Тақырыбы: «Жетістігімді еліме арнаймын» атты челлендж

Өткізілген күні: 08.12.2025 ж

Оқушылардың патриоттық сезімін нығайту, жетістікке жету жолындағы еңбектің маңызын түсіндіру және елге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру мақсатында мектебімізде «Жетістігімді еліме арнаймын!» атты челлендж ұйымдастырылды.

Челлендж барысында оқушылар өздерінің оқу, шығармашылық, спорт және қоғамдық бағыттағы жетістіктерін таныстырып, әрбір табыстың ел болашағы үшін атқарылған еңбек екендігін атап өтті. Қатысушылар ұстаздарына, ата-аналарына және халқына деген алғысын білдіріп, жетістікке жетудегі бірліктің маңызын көрсетті.

Аталған челлендж оқушылардың азаматтық ұстанымын қалыптастыруға, жауапкершілік пен отансүйгіштік құндылықтарын дамытуға оң ықпал етті. Іс-шараға қатысқан оқушылар жоғары белсенділік танытып, өз ойларын шынайы әрі мазмұнды жеткізе білді.



https://www.instagram.com/reel/DSAIFF0jQLJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Анықтама


Тақырыбы: «Есірткісіз Елорда» байқауы

Өткізілген күні: 11.12.2025 ж

Мектебіміздің 9 «Б» сынып оқушысы, мектеп президенті Агабеков Абдурахим Бауыржанұлы «Есірткісіз Елорда – Менен басталады!» атты әлеуметтік бейнероликтер байқауына қатысып, I іріктеу кезеңінен сәтті өтті.

Ұсынылған бейнероликтің негізгі мақсаты – жастар арасында есірткіге қарсы саналы көзқарас қалыптастыру, дұрыс таңдау мәдениетін нығайту және Астана қаласының мүмкіндіктер қаласы ретіндегі оң имиджін көрсету. Бейнеролик мазмұнында спорт, білім, өнер, IT салаларын таңдау арқылы әр жастың өз болашағын жарқын жолға бағыттай алатыны айқын көрсетілген.

Аталған жоба оқушылардың салауатты өмір салтын ұстануына, жауапкершілік пен азаматтық белсенділікті дамытуға ықпал етті.



https://www.instagram.com/reel/DSErIn0ipgq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

Анықтама

Тақырыбы: «8 минуттық оқу»

Өткізілген күні: 09.12.2025 ж

Оқушылардың оқу дағдысын дамыту, зейін қою қабілетін арттыру, ақпаратты талдау және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында мектеп парламентінің қатысуымен «8 минуттық оқу» жобасы «21 ғасыр көшбасшысы» форматында өткізілді.

Жоба барысында оқушылар бар болғаны 8 минут ішінде мәтінді зейін қойып оқу, негізгі ойды анықтау, ой жинақтау және оқыған ақпаратты талдау дағдыларын көрсетті. Іс-шара оқырмандық мәдениетті қалыптастырумен қатар, оқушылардың өз ойын еркін жеткізуіне және көшбасшылық қабілеттерін дамытуға бағытталды.

Оқушылар жоғары қызығушылық танытып, белсенді қатысып, оқыған материалдары бойынша пікір алмасып, өз көзқарастарын білдірді. Шағын уақыттық форматтың тиімділігі байқалып, жобаның тәрбиелік және танымдық маңызы жоғары бағаланды.



https://www.instagram.com/reel/DSCK9shinV4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Анықтама

Тақырыбы: Кітап оқу бойынша турнир

Өткізілген күні: 18.12-19.12.2025 ж

Мектебімізде «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 6–7 сынып оқушылары арасында кітап оқу бойынша турнир өткізілді. Турнир 18 және 19 желтоқсан күндері жоғары деңгейде ұйымдастырылды.

Бұл сайыстың басты мақсаты – оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру, сондай-ақ оқыған шығарманы түсініп, талдай білу дағдыларын дамыту.

Турнир барысында оқушылар өздерінің білімдерін, ойлау қабілеттерін және шығармашылық көзқарастарын көрсете білді. Әрбір қатысушы кітаптың тек білім көзі ғана емес, тұлғалық дамудың маңызды құралы екенін дәлелдеді.



https://www.instagram.com/reel/DScE8TzCp1m/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==

Анықтама

Тақырыбы: Есірткісіз Елорда – Менен басталады!

Мектебіміздің оқушылары әлеуметтік бейнероликтер байқауына қатысып, 1-іріктеу кезеңінен сәтті өтті!

Бұл бейнероликте оқушы есірткіге қарсы саналы көзқарас қалыптастыру, жастар арасында дұрыс таңдау мәдениетін нығайту, сондай-ақ Астананың мүмкіндіктер қаласы ретіндегі оң имиджін көрсету мақсатын көтереді.

Жобаның негізгі идеясы – әр жас спортты, білімді, өнерді, IT-ді таңдау арқылы өз болашағын жарық жолға бағыттай алатынын көрсету.

«Елордадағы есірткісіз өмір – әр жастың жеке таңдауынан басталады.»



https://www.instagram.com/reel/DSErIn0ipgq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/DSpYswgjURz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Анықтама

Тақырыбы: SECRET MASK BALL

Өткізілген күні: 26.12.2025 ж

SECRET MASK BALL нағыз ертегі әлемін сыйлады. Әуен ырғағымен билеген жұптар, вальс пен бал билері кешті ерекше көркем етті. Маскалардың артында жасырынған күлкі, толқу мен шынайы сезімдер — бәрі де ұмытылмас әсер қалдырды. Бұл кеш жай ғана мереке емес еді. Бұл — бірлік пен жанашырлықтың айқын белгісі болды. Бал мектебіміздің 9 «Б» сыныбының оқушысы Хамзин Даниярды қолдау мақсатында ұйымдастырылған бұл шара — қиын сәтте жанынан табылып, жүрек жылуын сыйлай білген оқушыларымыздың үлкен адамгершілік қадамы. Жаңа жыл қарсаңында өткен бұл қайырымдылық кеш бізге бір маңызды ойды еске салды: жақсылық жасау үшін үлкен себептің қажеті жоқ, тек ниет болса жеткілікті.



https://www.instagram.com/reel/DSu2BVICmMs/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==